«Хайер» корпорациясы тұрмыста қолдануға арналған тұрмыстық техника бұйымының ресми қызмет ету мерзімін белгілейді – бұйымның шығарылған күнінен бастап 7 жыл. Өнімнің жоғары сапалылығын, сенімділігі мен қауіпсіздік дәрежесін ескеретін болсақ, пайдаланудың нақты мерзімі ресми мерзімінен анағұрлым артық болуы мүмкін. Бұйымның қызмет ету мерзімі біткеннен соң

профилактикалық жұмыстар жүргізу және бұйымды одан ары пайдалану жөнінде кеңес алу үшін «Хайер» корпорациясының Авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Дайындаушы кепілдік міндеттемелерді тауарды тұтынушыға берген күннен белгілейді және 12 ай ішінде қамтамасыз етеді.

Қысқатолқынды пешті алғаш қолданар алдында

Ашу


Қысқатолқынды пештің орауын ашыңыз, орау пленкасын, пенопласт пен жабысқақ лентаны, бекіткіш аксессуарларды алып тастаңыз.

- Барлық қажетті заттар мен құжаттардың орнында болуын тексеріңіз.
- Орау материалын алып тастағаннан кейін, қысқатолқынды пешті таңдаған жеріңізге орналастырыңыз.
- Қысқатолқынды пештің айналасында бос орынның жеткілікті болуын және ауа айналымының еркін болуын тексеріңіз, суретте көрсетілген минималды орнату қашықтығын сақтаңыз.
- Қысқатолқынды пеш теледидар және радиоқабылдағыштардан айтарлықтай қашықтықта орнатылуы керек. Қысқатолқынды пеш жұмыс істегенде кескін берілісіне кедергі жасап, шу туғызуы мүмкін.
- Қысқатолқынды пеш жабық қораптарда немесе қондырмалы техниканы орнататын орындарға орнатуға арналған.
- Қысқатолқынды пеш ғимараттың сыртына немесе электр қауіпсіздігінің шарттарына сай келмейтін ғимаратта орнатылмауы тиіс.

Қысқатолқынды пеш корпусының артқы панелі әрдайым қабырғадан тиісті қашықтықта болуы үшін шектегіштер орнату қажет.

Шектегішті орнату:

1. Шектегішті көрсетілген бағытта бүгіңіз.
2. А қысқышын А саңылауына енгізіңіз.
3. В қысқышы мен С қысқышын қысқатолқынды пештің артқы панеліндегі сәйкес квадратты саңылауларға енгізіңіз.



Қысқатолқынды пешті алғаш қолданар алдында

Назар аударыңыз!

Корпустың жоғарғы, артқы және бүйір беттеріндегі желдеткіш саңылаулардың бітелуіне жол бермеңіз. Бұл – қысқатолқынды пешті зақымдауы мүмкін.

Құралдың тасымалдау кезінде зақымданбағанына көз жеткізіңіз. Механикалық және өзге де зақымдар анықталса – қысқатолқынды пешті құрмас бұрын, бірден сатушыға хабарласыңыз.

Балалардың орау материалдарымен ойнауына рұқсат етпеңіз!

Электр желісіне қосу



Назар аударыңыз! Қысқатолқынды пеш міндетті түрде жерге тұйықталуы тиіс!

Қысқатолқынды пеш 220-240 В / 50 Гц айнымалы токтың бірфазалы электр желісіне жерге тұйықталған қосполюсті розетканың көмегі арқылы қосылады (розетка жеткізу жинағына кірмейді).

Назар аударыңыз!

Тізбекте тұйықтайтын өткізгіш болмаған жағдайда құрылғы электр тогының соғуынан қорғаныс талаптарына сай келмейді.

Қысқатолқынды пешті алғаш қолданар алдында

Қысқатолқынды пешті электр желісіне алғаш қосар алдында төмендегі жайларға көз жеткізіңіз:

- қорек кернеуінің бұйымның техникалық сипаттамалары тақтасында көрсетілген мәндерге сәйкестігіне;
- розетканың электр қауіпсіздігі нормаларына сәйкес жерге тұйықталғанына;
- розетка қысқатолқынды пештің айырына дәл келе ме, дәл келмеген жағдайда розетканы немесе айырды ауыстырыңыз;
- розетканың электр қауіпсіздігі нормаларына сәйкес жерге тұйықталғанына;
- орнатылғаннан кейін қорек кабелі мен бұйымның айырына еркін жету қамтамасыз етілуі тиіс.
- Қорек кабелі бұратылмауы, тартылмауы, мыжылмауы немесе қысқатолқынды пештің түбінде жатпауы тиіс.
- Ұзартқыштарды немесе көп ұяшықты розеткаларды пайдаланбаңыз

Жоғарыда көрсетілген сақтық шараларын немесе кеңестерді орындамаған жағдайда Өндіруші адамдарға немесе мүлікке келтірілген зиянға кез келген жауаптылықтан босатылады.

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

Қысқатолқынды пешті пайдалану жөніндегі осы нұсқаулармен мұқият танысыңыз және оларды келешектегі қолданыс үшін сақтап қойыңыз.

- Қысқатолқынды пешті орауын толығымен алып тастамай электр желісіне қоспаңыз.
- Қысқатолқынды пеш электр кернеуінің келесі жағдайында жұмыс істеуі керек: 220-240В / 50 Гц. Жұмыс барысында электр кернеуінің ауытқуының, электр құрамдастарының зақымдалуының немесе бөтен шу туындауының нәтижесінде қысқатолқынды пеш жұмысын тоқтатуы мүмкін. Бұндай жағдайда автоматты кернеу реттегішін қосымша орнату ұсынылады.
- Айрықша қауіпсіздік шараларының сақталуын талап ететін жөндеуді және қызмет көрсетуді тек білікті мамандар орындау керек.
- Розеткадан қуат сымын суырганда желілік өткізгішті емес, штепсельдік ашаны ұстаңыз.
- Қысқатолқынды пешті орнатқанда желілік өткізгіштің қысқатолқынды пеш корпусымен немесе басқа заттармен қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

- Қысқатолқынды пештің ақауы болып, ал қақпағы, қақпақ нығыздатқышы, желілік өткізгіш немесе штепсельдік аша зақымдалған жағдайда — қысқатолқынды пешті қолданбаңыз, оны электр желісінен суырып, бөлшектерін ауыстыру үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Бұл қысқатолқынды пеш арнайы ас жылытуға және әзірлеуге жасалған. Пешті ас әзірлеу мен жылытудан басқа ешбір мақсатта пайдаланбаңыз.
- Бұл қысқатолқынды пеш кәсіби емес, тұрмыстық пайдалану үшін жасалған және мақсатынан тыс қолданылмауы тиіс.
- Қысқатолқынды пешке техникалық қызмет көрсетілгенде немесе тазалау барысында пешті желілік баудың ашасын розеткадан суыру арқылы өшіріңіз.
- Қысқатолқынды пешті электр желісіне қоспас бұрын, осы тарауда көрсетілген ток кернеуі мен жиілігі үйіңіздің электр желісінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

Қысқатолқынды пешті қол жеткізуге жеңіл етіп орнатылған розеткаға қосу ұсынылады. Қысқатолқынды пештің штепсельдік ашасының тұйықталуы (тұйықтайтын өткізгіші) сапалы.

Қысқатолқынды пеште қолдануға жарамды ыдыстар мен контейнерлерді пайдалануға баса мән беріп ұсынамыз. Олар - ыстыққа шыдамды керамикадан, шыныдан немесе пластиктен жасалған контейнерлер. Қысқатолқынды пеште ас әзірлеу не жылыту үшін металл ыдыс пайдаланбаңыз, бұл – ұшқын ұшуына алып келуі мүмкін.

Материал	Аса жоғары жиілік (АЖЖ)	Ескертпелер
Ыстыққа шыдамды керамика	иә	Металл жиекті немесе декоративті шынылы керамикалық ыдысты қолданбаңыз.
Ыстыққа шыдамды пластик	иә	Тағамдарды ұзақ әзірлеуге пайдаланбау керек.
Ыстыққа шыдамды шыны	иә	
Пластик пленка	иә	Ет немесе жаншылған ет әзірлеуге пайдаланбаңыз, себебі жоғары температура пленканы зақымдауы мүмкін.

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

Қысқатолқынды пеш кездейсоқ қосылған жағдайда есепке ала отырып, асты не басқа да заттарды оның ішінде сақтамаңыз.

Пештің ішінде азық болмаса, қысқатолқынды режимді қоспаңыз, бұл - құрылғының зақымдалуына апарып соғуы мүмкін.

Қысқатолқынды пешті қағаз, кір немесе басқа материалдарды кептіруге пайдаланбаңыз. Бұл – жануға алып келуі мүмкін.

Қысқатолқынды пеште өрт шығуын болдырмас үшін, қағаз және полиэтилен пакеттерді АЖЖ-ға салмас бұрын олардың бұралған сымдарын (қысқыштарын) алып тастаңыз. Пеште май немесе тоң май қыздырмаңыз, себебі олардың температурасын қадағалау қиын. Толқын арнасын дымқыл матамен сүртіңіз, ал май қалдықтарын құрғақ матамен сүртіңіз. Жиналып қалған май күйіп, өрт тудыруы мүмкін. Пластиктен, қағаздан немесе басқа материалдардан жасалған біржолғы контейнерлерді қолданғанда өзірлеу процесін мұқият бақылап тұру қажет.

Ылғалдылығы төмен, аз мөлшердегі азықты ұзақ дайындағанда олар құрғап, тіпті жанып кетуі де мүмкін. Егер азық жана бастаса, пештің қақпағын ашпай өшіріңіз және желілік бауды розеткадан суырыңыз.

Түтін шыға бастаған жағдайда «Тоқтату/Болдырмау» түймесін

басып, қақпағын ашпай, желілік бауды розеткадан суырыңыз және үйдегі барлық электр қуатын өшіріңіз.

Қысқатолқынды режимде қабығы аршылмаған жұмыртқаны қайнатуға немесе пісірілген жұмыртқаны жылытуға болмайды, себебі олар ішкі қысымның артуынан жарылып кетеді.

Картоп, жұмыртқа сарыуызы немесе сосиска сияқты қабысы кеуекті емес өнімдерді қысқатолқынды режимде өзірлегенде оларды жарылып кетпес үшін алдын ала тесу ұсынылады.

Қысқатолқынды пеште сорпа, тұздық немесе сусын сияқты сұйықтықтарды қыздырғанда, олар көбіршіксіз қайнауы мүмкін. Нәтижесінде қайнаған сұйықтық ыдыс сыртына төгілуі мүмкін. Бұндай жағдайды болдырмас үшін ернеуі жіңішке, тік ыдыстарды қолданбаңыз және сұйықтықтың ысып кетуіне жол бермеңіз.

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

Сұйықтықтарды қысқатолқынды пеште ысытқанда толқын әсерінен кейін-ақ олар қатты қайнап кетуі мүмкін, сондықтан пештен сұйықтығы бар контейнерді шығарғанда мұқият болыңыз.

Қысқатолқынды пешті шығыршықты сақинасыз және айналмалы шыны табағынсыз қоспаңыз.

Тек арнайы пешке арналған айналмалы шыны табақты пайдаланыңыз.

Егер айналмалы шыны табақ әлі ыстық болса, оны жумас не тазаламас бұрын суығанын күтіңіз.

Суық табаққа ыстық тамақты не азығы бар ыстық контейнерлерді қоймаңыз, сондай-ақ, мұздатылған азықты ыстық табаққа қоймаңыз, бұл – айналмалы табақтың бұзылуына алып келуі мүмкін.

Айналмалы шыны табақтағы азық немесе ыдыс пеш қабырғасына тиіп және айталуға кедергі келтіріп тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Қысқатолқынды пеш балалардың, мүмкіндігі шектеулі, координациясы не психикасы бұзылған немесе білімі мен тәжірибесі жеткіліксіз адамдардың қолдануына арналмаған, ерекше жағдайға басқа адамның бақылауымен пайдалану немесе жауапты адамның пайдалануы жатады.

Жоғарыда көрсетілген сақтық шараларын немесе кеңестерді орындамаған жағдайда Өндіруші адамдарға немесе мүлікке келтірілген зиянға кез келген жауаптылықтан босатылады.

Бұйымды орау және утилизациялау

Орау

Орауды утилизациялау барысында қоршаған ортаны қорғау жөнінде ұмытпаңыз.

Бұйымды утилизациялау

Егер қысқатолқынды пешіңізді енді пайдалануға болмайтын болып, оны лақтырғыңыз келсе, онда қоршаған ортаға залал тигізбеу үшін, машинаны дұрыс утилизациялау қажет.




Қосымша ақпарат алу үшін жерлігікті коммуналдық қызметтерге хабарласыңыз. Егер қысқатолқынды пеш утилизациялауға арналған болса, онда оны енді пайдалану мүмкін болмас үшін электр қуатының сымын корпусқа мейлінше жақынырақ кесіңіз.

Қысқатолқынды пеш утилизациялауы сізді әуреге салмайтындай етіп жобаланып, жасалған.

Бұйымдағы не ораудағы осы белгі бұл бұйымның тұрмыстық қалдықтармен бірге утилизацияланбауы керектігін білдіреді. Бұйымды электрлік не электрондық жабдық жинау немесе утилизациялау орнына апару керек. Бұйымның дұрыс утилизацияланатынына көз жеткізу арқылы дұрыс емес утилизациядан болуы мүмкін қоршаған ортаға және адамдар денсаулығына кері әсердің тиюіне жол бермейсіз.

Осы бұйымды утилизациялау жөніндегі қосымша ақпаратты компанияның сіздің қалаңыздағы кеңсесімен, қалдықтарды жоюмен айналысатын коммуналдық қызметпен немесе бұйымды сатып алған дүкенмен байланысу арқылы ала аласыз.


Қысқатолқынды пештің негізгі бөліктері




Назар аударыңыз:

1. Қысқа толқындардың сыртқа таралуына жол бермейтін қақпақты дұрыс жапқанда ғана қақпақ құлпы АЖЖ жұмысын қамтамасыз етеді.
2. Басқару панелінің толық сипаттамасы келесі бетте берілген (басқару панелі бұйымның тұтыну сипаттарына зардапсыз, алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін).
3. Қысқатолқынды пешті тазалау барысында толқын арнасының қақпағын алмаңыз.
4. Табақтың айналуы азықтың біркелкі жылуы үшін қажет.
5. Дисплейде таңдалған режимге байланысты әзірлеу уақыты, режимі және әзірлеудің қалған уақыты көрсетіледі.

Басқару панелі



17PX33V-20B



17PX58V-20B

1. Дисплей

Дисплеем вы можете видеть все необходимые сведения (выбранная функция связана): время приготовления, время приготовления блюда, выбранный режим мощности, время приготовления, автоматический режим приготовления и индикация режима. .

После того как вы выбрали функцию в духовке, на дисплее появятся символы «ENTER, TIME, CLOCK».

После того как вы выбрали функцию в духовке.

2. «Мощность» (выбранная мощность)

Мощность можно изменить с 100% до 10%.

3. Таймер

Эта функция позволяет установить время приготовления.

4. Әзірлеу

Бұл түйме арқылы ас әзірлеу барысында қысқатолқынды пешті қысқатолқынды сәулелену қуаттылығын автоматты өзгертуге бағдарламалай аласыз.

5. Салмақ бойынша әзірлеу

Бұл түйме арқылы ет түрі мен оның салмағын таңдауға болады, ал қысқатолқынды пеш қысқатолқынды редим қуаттылығын әзірлеу барысында да белгілейді.

6. Салмағы бойынша жібіту

Осы түйме жібіту қажет азықтың салмағын анықтауға мүмкіндік береді, ал қысқатолқынды пеш автоматты түрде уақыт пен қысқатолқынды қуаттылық деңгейін белгілейді.

7. Жылдам жібіту

Бұл түйме арқылы жібіту уақытын белгілей аласыз, ал АЖЖ бұл уақытты автоматты түрде кезеңдерге бөледі және жібіту мен кідістерді кезектеп алмастыра бастайды.

8. Бастау/Кідіріс

Бұл түймені азық әзірлеуге берілген режимді орындай бастау үшін немесе орындалудағы бағдарламаны тоқтату үшін басыңыз.

9. Болдырмау

Бұл түймені алдыңғы баптаулардың барлығын болдырмау үшін берілген бағдарламаның орындала бастағанына дейін басыңыз. Осы түймені 3 секунд басып ұстап тұру арқылы «Балалардан қорғау» түймелерді бұғаттау функциясын қосуға немесе өшіруге болады. Бұл функцияны қысқатолқынды пешті тазалау барысында пайдаланыңыз. Бұл функцияны қосқанда басқару панелінің барлық түймелері бұғатталады.

10. Сағат

Осы түйме көмегімен ағымдағы уақытты белгілей аласыз.

11. «0»; «1»; - «9» түймелері

Бұл түймелер азық салмағы мен уақыт мөлшерін белгілеуге мүмкіндік береді.

12. Жылдам әзірлеу. «Қақталған картоп»; «Попкорн»; «Пицца»; «Сусындар»;

«Ысыту»; «Мұздатылған кешкі ас»

Бұл түймелердің көмегімен қысқатолқынды қуаттылық пен әзірлеу уақытының мәнін белгілеусіз сәйкес тағамдарды автоматты режимде жылытуға не дайындауға болады.

Жұмыс режимдері

Берілген параметрлерді растау

Бір дыбыс сигналы – берілген мәнді енгізуді растау.

Бір дыбыс сигналы – берілген мәнді енгізуді растау. Берілген мәндерді белгілеу мүмкіндігін тексеріп, бағдарламалауды қайталаңыз.

Сағат және күту режимін белгілеу

Қысқатолқынды пешті желіге қосқаннан кейін дисплейде «ENTER, TIME, CLOCK» деген жазу шығады, қос нүкте жыпылықтайды, бұдан кейін сағатты белгілеуге кірісуге болады.

«Болдырмау» түймешігін басыңыз немесе 30 секунд күтіңіз, «ENTER, TIME» өшіп, тек «CLOCK» және «:» қалады, ал қысқатолқынды пеш күту режиміне енеді.

Сағат белгілеу

Күту режимінде «Сағат» түймешігін басыңыз.

Назар аударыңыз!

Сағат белгілеуге кірісуге болады.

Ағымдағы уақыт мәнін енгізу үшін «0»; «1»; - «9» түймешіктерін пайдаланыңыз. Уақытты белгілеу үшін кем дегенде 3 белгі беру керек болады (біреуі сағатқа, тағы екеуі минутқа). Берілген мәнді растау үшін "Сағат" түймешігін қайта басыңыз, сонда қысқатолқынды пеш ағымдағы уақыттың Сіз берген мәнін бекітеді.

Назар аударыңыз!


Қысқатолқынды пеште уақытты көрсетудің тек 24-сағаттық форматы бар. Қысқатолқынды пешті желіге алғаш қосқанда немесе электр қуатын сөндіргенде, дисплейде «ENTER, TIME, CLOCK» деген жазу шығады, уақыт белгілеуді өткізіп жіберуге болады, ол үшін «Болдырмау» түймешігін басу керек.

Ас әзірлеу барысында ағымдағы уақыт мәнін «Сағат» түймешігін басы арқылы тексере аласыз.

Мысалы: 12:30 етіп белгілеу үшін

Қысқатолқынды пешті желіге қосқанда дисплейде «ENTER, TIME, CLOCK» деген жазу шығады.

«1», «2», «3», «0» цифрлы түймешіктерді басыңыз.



Берілген мәнді растау үшін «Сағат» түймешігін басыңыз.



Таймерді белгілеу (бастауды кідірту функциясы)

«Таймер» түймешігін басыңыз.

«0»; «1»; - «9» түймешіктері арқылы қажетті санау уақытының мәнін белгілеңіз. Бастауды кідірту уақыты минуттармен және секундтармен есептеледі, бастауды кідірту уақытының мәні солдан оңға қарай енгізіледі. «5» түймешігін бір рет басы бастауды кідіртуді 5 секунд етіп белгілейді, «2», «4», «0», «5» түймешіктерін бірінен кейін бірін басы 24 минут 5 секунд етіп белгілейді. Белгіленуі мүмкін максималды уақыт 99 минутты құрайды.

Бастауды кідіртуге берілген уақыт мәнін растау үшін «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Назар аударыңыз!

Бастауды кідірту уақыты 3 секунд бойы көрсетіледі, одан кейін дисплейде ағымдағы уақыт не ас әзірлеу уақыты бейнеленеді.

Уақыт санау барысында таймерден бас тарту үшін «Таймер» түймешігін басып, одан кейін «Болдырмау» түймешігін басыңыз.

Жұмыс режимдері

Қысқатолқынды қуаттылық мен ас әзірлеу уақытын белгілеу

Бір кезеңде әзірлеу

Күту немесе сағат режимінде азықты әзірлеу уақытын «0»; «1»; – «9» түймешіктерін пайдалану арқылы белгілеңіз. Сіз әзірлеу уақытын 99 минутқа дейінгі интервалда таңдай аласыз. «3», «0» түймешіктерін бірінен кейін бірін басу арқылы ас әзірлену уақытын «0 : 30» ретінде белгілейсіз, «2» «0» «0» «0» түймешіктерін бірінен кейін бірін басу арқылы ас әзірлену уақытын «20:00» ретінде белгілейсіз.

Егер тағам әзірлеу үшін Сізге қысқатолқынды қуатты 100 % деңгейде белгілеу қажет болмаса, «Қуат» түймешігін басыңыз да, «0»; «1»; - «9» түймешіктерін пайдаланып, Өзіңізге қажетті қысқатолқынды қуатты белгілеңіз. Сіз 1-ден 9-ға дейінгі деңгейді таңдай аласыз.

Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.


Назар аударыңыз! Қысқатолқынды қуатты белгілеуге тек бір санды қолданыңыз.

«Қуат» түймешігін бір рет басыңыз.	100%	Жоғары қуат Бұл режим ет және көкөністі жылдам әрі мұқият әзірлеуге жарайды.
«9» түймешігін бір рет басыңыз	90%	
«8» түймешігін бір рет басыңыз	80%	Орташа жоғары қуат. Бұл режим жылдам дайындалатын өнімдерге жарайды.
«7» түймешігін бір рет басыңыз	70%	
«6» түймешігін бір рет басыңыз	60%	Орташа қуат. Бұл режим асты бұға пісіргенге жарайды.
«5» түймешігін бір рет басыңыз	50%	
«4» түймешігін бір рет басыңыз	40%	Орташа төмен қуат.Бұл режим өнімдерді жібіткенге жарайды.
«3» түймешігін бір рет басыңыз	30%	
«2» түймешігін бір рет басыңыз	20%	Төмен қуат.Бұл режим асты жылытқанға жарайды.
«1» түймешігін бір рет басыңыз	10%	


Мысалы:

Асты 80% қысқатолқынды қуатта 10 минут 30 секундта әзірлеу.


Желіге қосқаннан соң, дисплейде қос нүкте пайда болады, «Болдырмау» түймешігін басыңыз немесе 30 секунд күтіңіз.




«1», «0», «3», «0» түймешіктерін басып, әзірлеу уақытын белгілеңіз.



«Қуат» түймешігін басып, қажетті қысқатолқынды қуат деңгейін таңдаңыз (осы мысал үшін «8» түймешігі).



Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.



Назар аударыңыз!

Қысқатолқынды пешті еш уақытта азықсыз қоспаңыз.

Азықты аударғаннан кейін, берілген бағдарламаның орындалуын одан әрі жалғастыру үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін бір рет басыңыз, сонда тамақ әзірлеу үшін белгіленген режим жалғаса береді.

Егер Сіз азықты қысқатолқынды пештен әзірлеу бағдарламасы аяқталмас бұрын алғыңыз келсе, онда белгіленген режимді болдырмау үшін «Болдырмау» түймешігін басыңыз.

Жұмыс режимдері

Екі кезеңде әзірлеу

Кейбір рецептілерде азықты түрлі температурада бірнеше кезеңде әзірлеу қарастырылған.

1-кезеңді белгілеу:

Күту немесе сағат режимінде азықты әзірлеу уақытын «0»; «1»; – «9» түймешіктерін пайдалану арқылы белгілеңіз. Сіз әзірлеу уақытын 99 минутқа дейінгі интервалда таңдай аласыз. «3», «0» түймешіктерін сатылай басу арқылы Сіз әзірлеу уақытын «0 : 30» деп белгілейсіз, «2» «0» «0» «0» түймешіктерін сатылай басу арқылы азықты әзірлеу уақытын «20 : 00» деп белгілейсіз.

Егер тағам әзірлеу үшін Сізге қысқатолқынды қуатты 100 % деңгейде белгілеу қажет болмаса, «Қуат» түймешігін басыңыз да, «0»; «1»; - «9» түймешіктерін пайдаланып, Өзіңізге қажетті қысқатолқынды қуатты белгілеңіз. Сіз 1-ден 9-ға дейінгі деңгейді таңдай аласыз.

Назар аударыңыз!

«Бастау/кідіріс» түймесін баспаңыз.

2-кезеңді белгілеу:

«Әзірлеу» түймешігін басыңыз, бұдан соң қажетті әзірлеу уақыты мен қысқатолқынды қуатты белгілеңіз. Көптеген екі кезеңдік әзірлеу рецептілерінде екінші кезеңде қысқатолқынды қуаттың төмен деңгейі пайдаланылады.

Белгіленген бағдарламаның орындалуын бастау үшін «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Назар аударыңыз!

Белгіленген бағдарламаның орындалуының жалпы уақыты аяқталғанда, дисплейде «END» деген жазу пайда болып, бағдарламаның аяқталғаны туралы хабарлайтын 4 дыбыстық белгі ойналады. Қысқатолқынды пештің қақпағын ашыңыз немесе жаңа бағдарламаны белгілемес бұрын «Болдырмау» түймешігін басыңыз.

Назар аударыңыз!

Қысқатолқынды пешті еш уақытта азықсыз қоспаңыз.

Азықты аударғаннан кейін, берілген бағдарламаның орындалуын одан әрі жалғастыру үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін бір рет басыңыз, сонда тамақ әзірлеу үшін белгіленген режим жалғаса береді.

Егер Сіз азықты қысқатолқынды пештен әзірлеу бағдарламасы аяқталмас бұрын алғыңыз келсе, онда белгіленген режимді болдырмау үшін «Болдырмау» түймешігін басыңыз.

Жұмыс режимдері


Мысалы:

Сізге асты 100%-дық қысқатолқынды қуатта үш минут, ал содан соң 20%-тық қысқатолқынды қуатта 9 минут әзірлеу қажет болды.


Бұл үшін орнатудың жалғасты екі кезеңін орындау қажет.

100%-дық қысқатолқынды қуатта 3 минут ішінде әзірлеу


Желіге қосқаннан соң, дисплейде қос нүкте пайда болады, «Болдырмау» түймешігін басыңыз немесе 30 секунд күтіңіз.



«3», «0», «0» түймешіктерін басып, әзірлеу уақытын белгілеңіз.




«Қуат» түймешігін бір рет басыңыз.



20%-дық қысқатолқынды қуатта 9 минут ішінде әзірлеу


«Әзірлеу» түймешігін басыңыз.



«9», «0», «0» түймешіктерін кезекпен басып, әзірлеу уақытын белгілеңіз.



20%-дық қысқатолқынды қуатты орнату үшін, «Қуат» түймешігі мен «2» түймешігін жалғастыра басыңыз.



Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Жұмыс режимдері

Жылдам жібіту

Күту немесе сағат режимінде «Жылдам жібіту» түймешігін басыңыз.

«0»; «1»; - «9» түймешіктерін пайдаланып, азықтарды жібітудің қажетті уақытын белгілеңіз.

«5» түймешігін бір рет басу – жібіту уақытын 5 секундқа белгілеу, жалғастыра «2», «4», «0», «5» түймешіктерін басу – еріту уақытын 24 минут 5 секундқа белгілеу.

Белгіленген бағдарламаның орындалуын бастау үшін «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.


Назар аударыңыз!

Белгіленген бағдарламаның орындалуының жалпы уақыты аяқталғанда, дисплейде «END» деген жазу пайда болып, бағдарламаның аяқталғаны туралы хабарлайтын 4 дыбыстық белгі ойналады. Қысқатолқынды пештің қақпағын ашыңыз немесе жаңа бағдарламаны белгілемес бұрын «Болдырмау» түймешігін басыңыз.

Мысалы:

0,2 кг құс етін 2 мин 50 сек. ішінде жылдам жібіту

Желіге қосқаннан соң, дисплейде қос нүкте пайда болады, «Болдырмау» түймешігін басыңыз немесе 30 секунд күтіңіз.



«Жылдам жібіту» түймешігін басыңыз.



«2», «5», «0» түймешіктерін кезекпен басып, еріту уақытын белгілеңіз.



Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Жылдам жібіту режимінен соң, аса жоғары жиілікті (АЖЖ) бір немесе екі кезеңде әзірлеуге бағдарлауға болады.

Жылдам жібіту және бір кезеңде әзірлеу

Күту немесе сағат режимінде «Жылдам жібіту» түймешігін басыңыз. «0»; «1»; - «9» түймешіктерін пайдаланып, азықтарды жібітудің қажетті уақытын белгілеңіз.

«Әзірлеу» түймешігін басыңыз, бұдан соң қажетті әзірлеу уақыты мен қысқатолқынды қуатты белгілеңіз. Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Жылдам жібіту және екі кезеңде әзірлеу

Күту немесе сағат режимінде «Жылдам жібіту» түймешігін басыңыз. «0»; «1»; - «9» түймешіктерін пайдаланып, азықтарды жібітудің қажетті уақытын белгілеңіз.

«Әзірлеу» түймешігін басыңыз, бұдан соң бірінші кезең үшін қажетті әзірлеу уақыты мен қысқатолқынды қуатты белгілеңіз.

«Әзірлеу» түймешігін тағы бір басыңыз да, екінші кезең үшін қажетті әзірлеу уақыты мен қысқатолқынды қуатты белгілеңіз.

Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Салмақ бойынша әзірлеу

Күту немесе сағат режимінде «Салмақ бойынша әзірлеу» түймешігін басыңыз. «1»; «2»; «3» түймешіктерін пайдаланып, бір саннан тұратын кодты енгізіңіз.

«0»; «1»; - «9» түймешіктерін пайдаланып, азық-түліктің салмағын (0,1 кг; 0,15 кг; 0,2 кг және с. с.) белгілеңіз.

Салмақ белгіленгеннен кейін, қысқатолқынды пеш әзірлеу уақыты мен қысқатолқынды қуат деңгейін автоматты түрде белгілейді.

Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

«Салмақ бойынша әзірлеу»		
Код	Түрі	Салмағы
1	Сиыр еті	0,1кг; 0,15 кг; 0,2 кг — 2,9 кг; 2,95 кг; 3,0 кг
2	Қой еті	0,1кг; 0,15 кг; 0,2 кг — 2,9 кг; 2,95 кг; 3,0 кг
3	Шошқа еті	0,1 кг; 0,15 кг; 0,2 кг - 1,9 кг; 1,95 кг; 2,0 кг


Ет жібітілген және +2 °С - +10 °С температурада болуы тиіс.

Жұмыс режимдері


Мысалы:

1,2 кг сиыр етін әзірлеу

Желіге қосқаннан соң, дисплейде қос нүкте пайда болады, «Болдырмау» түймешігін басыңыз немесе 30 секунд күтіңіз.



«Салмақ бойынша әзірлеу» түймешігін басыңыз.




«1» түймешігін басып, ет түрін таңдаңыз.

«1»; «2»; «3» түймешіктерін басу арқылы еттің салмағын анықтаңыз.



Әзірлеу уақыты мен қысқатолқынды қуат автоматты түрде белгіленеді.



Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз. Асты әзірлеу кезінде оны аударыстыру қажеттігін есіңізге салатын екі дыбыстық белгі ойналады.

Азықты аударғаннан кейін, берілген бағдарламаның орындалуын одан әрі жалғастыру үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Салмақ бойынша жібіту


Құту немесе сағат режимінде «Салмақ бойынша жібіту» түймешігін басыңыз. «0»; «1»; - «9» түймешіктерін пайдаланып, жібіту қажет азықтың салмағын (0,1кг; 0,15 кг; 0,2 кг және с. с.) белгілеңіз. Бағдарламаның орындалу уақыты автоматты түрде белгіленеді.

Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.


Мысалы:

1,2 кг сиыр етін әзірлеу

Желіге қосқаннан соң, дисплейде қос нүкте пайда болады, «Болдырмау» түймешігін басыңыз немесе 30 секунд күтіңіз.




«Салмақ бойынша жібіту» түймешігін басыңыз.



«1»; «2»; «3» түймешіктерін басу арқылы еттің салмағын анықтаңыз. Жібіту уақыты автоматты түрде белгіленеді.



Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.



Жылдам әзірлеу

«Жылдам әзірлеу» қысқатолқынды қуат деңгейін немесе әзірлеу уақытын белгілемей-ақ, ысытуға немесе автоматты режимде әзірлеуге мүмкіндік береді.

«Жылдам әзірлеу» режимін пайдаланбас бұрын, Сізге қажетті режимді дұрыс орнату үшін осы нұсқаулықтағы сипаттамамен мұқият танысыңыз.

«Жылдам әзірлеуді» белгілеудің бірнеше деңгейі Сізге қандай да бір тағамның бірнеше үлесін бір мезгілде даярлауға мүмкіндік береді. Бұл функция «Попкорн», «Қақталған картофель», «Пицца», «Сусындар», «Мұздатылған кешкі ас», «Ысыту» сияқты категориялар үшін қолжетімді.

Осы түймешіктердің бірін басқаннан кейін, дисплейде «ENTER AMT» деген жазу көрінеді.

«Попкорн», «Қақталған картофель», «Пицца», «Сусындар», «Мұздатылған кешкі ас», «Ысыту» сияқты категориялардың кез келгенінде шағын үлес әзірлеу үшін сәйкес түймешікті бір рет басу қажет. Ірірек үлестер дайындау үшін сәйкес категория көрсетілген түймешікті екі рет басу керек.

Попкорн

Қүту немесе сағат режимінде «Попкорн» түймешігін басыңыз, сонда қысқатолқынды пеш әзірлеу уақытын автоматты түрде белгілейді.

Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Назар аударыңыз!

Сіз попкорнды даярлау уақытын өз бетіңізбен өзгерте аласыз.

«Попкорн» түймешігін екі рет басыңыз, дисплейде «ENTER TIME» деген жазу шығады. «0»; «1»; - «9» түймешіктерін пайдаланып, әзірлеудің қажетті уақытын (минуттар мен секундтарды) белгілеңіз.

«Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз. Бұдан әрі, әзірлеудің жаңа уақыты «Попкорн» түймешігін әр басқан сайын, өзіңіз өзгертпейінше, автоматты түрде белгіленіп отырады.

Жұмыс режимдері

Қақталған картофель

Күту немесе сағат режимінде «Қақталған картофель» түймешігін бір рет басыңыз. «1»; «2»; «3»; «4» түймешіктерін пайдаланып, картофельдің санын енгізіңіз.

Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Пицца

Осы функцияның көмегімен Сіз пиццаның бір немесе екі тілімін ысыта аласыз. Күту немесе сағат режимінде «Пицца» түймешігін бір рет басыңыз. Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Тұтас пиццаны (мұздатылған) ысыту үшін

«Пицца» түймешігін екі рет басыңыз. Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Сусындар

(Кофе шыны аяқтары)

Күту немесе сағат режимінде «Сусындар» түймешігін бір рет басыңыз.

«1»; «2»; «3»; «4» түймешіктерін пайдаланып, кофе шыны аяқтарының қажетті санын белгілеңіз. Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Мұздатылған кешкі ас

(Бір немесе екі шағын үлесті әзірлеу үшін)

Күту немесе сағат режимінде «Мұздатылған кешкі ас» түймешігін бір рет басыңыз. «1»; «2» түймешіктерін пайдаланып, әзірлеу қажет үлес санын белгілеңіз. Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Ысыту

(Бір үлесті ысыту үшін)

Күту немесе сағат режимінде «Ысыту» түймешігін бір рет басыңыз. Берілген бағдарламаның орындалуын бастау үшін, «Бастау/Кідіріс» түймешігін басыңыз.

Қысқатолқынды пеште ас әзірлеу жөніндегі кеңестер

Азықтарды орналастыру

Қысқатолқындардың азық-түліктің сыртқы бөліктеріне әсері жоғары болғандықтан, еттің, құстың немесе балықтың ірі бөліктерін оларды даярлайтын ыдыстың шетіне жақын етіп орналастыру дұрыс. Бұл жағдайда мейлінше ірі үлестер қысқатолқын энергиясын көбірек алады да, пицца анағұрлым біркелкі піседі.

Әзірлеу уақыты

Азықтарды даярлауды мейлінше қысқа уақыт аралығында әзірлеуден бастаңыз және оны қажеттілік шамасына қарай ұзартып отырыңыз, әйтпесе қатты қуырылып кетуі мүмкін.

Азықтарды даярлау алдында орау

Ыстыққа төзімді пленка немесе май өткізбейтін қағаз жылу мен буды сақтайды, сонын есебінен азықтар жылдамырақ піседі. Орау үшін ыстыққа төзімді, жабысып тұратын пленканы пайдаланыңыз, пленканы бу қысымы жарып жібермес үшін, оның бұрыштарының бірін көтеріңкіреңіз.

Май өткізбейтін қағаз шашырауды болдырмайды және тағамның жылылығын сақтауына көмектеседі. Бірақ ол азықты ыстыққа төзімді пленка сияқты тығыз орай алмайтындықтан, тағамның аздап көбіңкіреуіне жол береді.

Азықтарды ішінара қалқалау

Тағамдардың бұрыштары мен жұқа жиектері күйіп кетпес үшін, оларды қысқатолқындарға тосқауыл болатын қалайы фольга кесінділерімен жабады. Еш уақытта фольганы тым үлкен көлемде қолданбаңыз, фольганың тағамда берік ұсталынуы мен қысқатолқынды пештің қабырғаларына тимеуін қамтамасыз етіңіз, бұлай болмағанда электр доғасы туындауы мүмкін.

Әзірлеу кезінде азықтарды араластыру

Араластыру қысқатолқынды пеште тамақ әзірлеу кезіндегі мейлінше маңызды тәсілдердің бірі болып табылады. Қысқатолқындардың көмегімен ас әзірлеу кезінде тағам жылуды тең тарату мақсатымен араластырылады. Асты шетінен ортасына қарай араластырыңыз, себебі шеттері бірінші ысады.

Әзірлеу кезінде азықтарды аударып-төңкеру

Егер Сіз етті ірі кесек күйінде және балапанды тұтастай даярлайтын болсаңыз, астыңғы және үстіңгі бөліктері біркелкі пісу үшін, оларды аударып тұру қажет. Сондай-ақ балапан бөліктерін, жаншылған ет және котлеттерді аударыстыру ұсынылады.

Қысқатолқынды пеште ас әзірлеу жөніндегі кеңестер

Тамақты әзірлеп болғаннан соң бұқтыру

Сіз әзірлеген тағамды қысқатолқынды пештен шығарған соң, 3-тен 10 минутқа дейін бұқтыру үшін жиі қоя тұрады. Әдетте, сыртынан құрғауы тиіс жағдайларды санамағанда, тамақты бұқтыру кезінде жылуы сақталу үшін жауып немесе орап қояды. Бұқтыру тамақтың әбден даяр болуына мүмкіндік жасайды.

Әзірлік дәрежелерін тексеру

Қысқатолқынды пеште тамақ өте жылдам әзірленеді, сондықтан оның әзірлігін үнемі бақылау қажет. Кейбір тағамдарды әбден даяр болғанша пеште қалдырады, алайда тағамдардың көпшілігін, еттен және құс етінен жасалған тағамдарды қоса алғанда, аздап шикілеу күйде алады да, пісуге бұқтыру кезінде жеткізеді.

Пісу белгілері:

- құстың жекелеген бөліктері (қанаттары, аяқтары) жеңіл қозғалады;
- қанның ізі болмайды;
- балыққа шанышқы жеңіл шаншылады.

Бу түзілуі

Бу түзілуі – қысқатолқынды пеш үшін қалыпты жағдай. Азықтардың құрамындағы ылғал тамақ әзірлеу кезінде қысқатолқынды пеште қоюланады. Әдетте, оралған тамақ көп бу шығармайды. Желдеткіш саңылаулардың бітеліп қалмауын тексеріңіз.

Пластик орама

Қысқатолқынды пеште тамақ әзірлеу үшін тек арнайы, ыстыққа төзімді пакеттерді пайдаланыңыз. Олар тамақ пісіруге арналып жасалған жағдайда ғана қысқатолқынды пеште пайдалануға қауіпсіз. Пакеттерді герметикалы етіп жаппаңыз немесе бу шығып кету үшін пакетте міндетті түрде тесік жасаңыз. Сіздің қысқатолқынды пешіңізде тамақ әзірлеу үшін еш уақытта жай пластик пакеттерді пайдаланбаңыз, олар балқып кетуі немесе жыртылып қалуы мүмкін.

Қағаз орама

Қағаз тарелкалар мен қағаздан жасалған басқа да ыдыстар ас әзірлеу уақыты қысқа және астың майы мен ылғалы аз болған жағдайда ғана қысқатолқынды пеште пайдалану үшін ыңғайлы және қауіпсіз.

Қысқатолқынды пештің күтімі

Тамақ түйірлері немесе төгілген сұйықтар пештің қабырғаларына жабысып, тығыздағыш пен қақпақтың бетінің арасына түседі. Бәрінен дұрысы – оларды ылғал майлықтың көмегімен бірден алып тастау. Қатты кірлеген жағдайда жұмсақ тазартқыш құралдарды пайдалануға болады. Күшті жуғыш құралдар немесе абразивті препараттарды пайдалануға болмайды.

Айналмалы шыны табақты қолмен немесе ыдысжуғыш машинада жууға болады.

Назар аударыңыз!

Құрылғының ішкі бөлшектерінің зақымдануынан аулақ болу үшін, желдеткіш саңылауларының ішіне сұйық төгілуіне жол бермеу керек.

Пештің қақпағы мен тығыздағыш беттерінің арасында қалған тамақ түйірлері мен қалдықтарын ылғал майлықтың көмегімен алып тастаңыз. Қақпақтың берік жабылуы үшін бұл жерлерді ерекше мұқият тазалау қажет. Ішкі беттердегі май тамшыларын сабын ерітіндісімен кетіріңіз, содан соң сабын қалдығын ылғал майлықпен тазалап, құрғақ етіп сүртіңіз.

Басқару панеліне сұйық заттардың тиюіне жол бермеңіз. Басқару панелін тазалағанда жұмсақ майлықты пайдаланыңыз, күшті жуғыш құралдарды, абразивті материалдар немесе тазартқыш аэрозольдарды қолданбаңыз. Басқару панелін тазалаған уақытта пештің абайсызда қосылып кетуінен аулақ болу үшін қақпақ ашық күйде болуы тиіс. Тазалап болғаннан кейін пешті бастапқы күйге келтіру үшін, «Тоқтату/Болдырмау» түймешігін басыңыз.

Шусыз жұмысты қамтамасыз ету үшін пештің дөңгелекті шығыршығы мен ішкі бетін үнемі тазартып тұрыңыз. Төменгі бетін жуғыш құралмен, мысалы, ыдыс аяққа арналған сұйық сабынмен, жай ғана сүртіңіз.

Сыртқы қабырғаларын жылы, сабынды суға малынған жұмсақ майлықпен тазалаңыз. Сабынды жуып тастап, құрғатып сүртіңіз.

Қысқатолқынды пештің ішкі қабырғаларындағы шашырандылар мен дақтарды жылы, сабынды суға малынған жұмсақ майлықпен кетіріңіз, тазалап болған соң құрғатып сүртіңіз. Толқын арнасының қақпағын ылғал майлықтың көмегімен мұқият тазартыңыз. Толқын арнасының қақпағына тиетін май ас өзірлеу кезінде қақпақтың күйіп кетуіне себепші болуы мүмкін. Қысқатолқынды пешті тазалау барысында толқын арнасының қақпағын шешпеңіз.

Қысқатолқынды пештің күтімі

Назар аударыңыз!

Қысқатолқынды пешті ұзақ уақыт пайдаланғанда, ода жағымсыз иістер пайда болуы мүмкін.

Төмендегі кеңестер Сізге жағымсыз иістерден құтылуға көмектеседі:

- Лимонның екі бөлігін суы бар стақанға салыңыз, 100%-дық қысқатолқынды қуатты таңдаңыз да, қысқатолқынды пешті 2-3 минутқа қосыңыз.
- Қысқатолқынды пешке бір шыны қара шайды қойыңыз да, толық қуатта ысытыңыз.
- Бірнеше апельсин қабығын салыңыз да, толық қуатта 1 минут қыздырыңыз.

Назар аударыңыз!

ҚЫСҚАТОЛҚЫНДЫ СӘУЛЕЛЕНУ!

Қысқатолқынды пешке қызмет көрсетуді тек жаттыққан техникалық персоналдар ғана жүргізуі тиіс. Қызмет көрсетуді немесе жөндеуді басқа адамдардың орындауы қауіпті болып табылады.

Назар аударыңыз!

Қысқатолқынды пеш жұмыс істеп тұрғанда сыртқы және ішкі панельдердің температурасы өте жоғары болуы мүмкін.

АЖЖ генераторының немесе қысқатолқынды энергия сәулелендіретін басқа да бөлшектерінің қысқатолқынды сәулелену әсерінен сақ болыңыз.

Назар аударыңыз!

Төменде көрсетілген жағдайлар қызмет көрсетуді жүргізу кезінде күтпеген қысқатолқынды сәулеленуге әкеп соғуы мүмкін:

- Магнетронды дұрыс орнатпау;
- Қақпақтың құлпының, қақпақ топсасының (ілгегінің) және қақпақтың сәйкес келмеуі;
- Ауыстырып-қосқыштар блогын дұрыс орнатпау;
- Қақпақ, қақпақты тығыздағыш немесе қалқан зақымданған.

Ықтимал ақаулар

Қызмет көрсету орталығына хабарласпас бұрын, осы тарауды оқып шығыңыз. Болымсыз ақаудың себебін өзіңіз тауып, ақауды өзіңіз жоюыңыз да мүмкін.

Мәселе	Ықтимал себеп
Қысқатолқынды пеш өшпейді.	Розеткаға нашар жалғанған. Электр қуаты жоқ.
Ас әзірлеу процесі басталмайды.	Пеш қақпағы жабылмаған не нығыз жабылмаған. Бағдарламалаудан кейін «Бастау/ Жылдам бастау» түймесі басылмады. Алдында басқа бағдарлама берілген. «Тоқтату/ Болдырмау» түймесі кездейсоқ басылып кетті. «Балалардан қорғау» түймелерді бұғаттау функциясы қосұлы.
Пешті қосқанда бөтен шу естіледі.	Шығыршықты сақина мен пештің төменгі ішкі беті кірленген.

Техникалық сипаттамалар

Модель	17PX33V-20B	17PX58V-20B
Токтың нақты кернеуі / жиілігі	220-240 вольт/50	220-240 вольт/50
Тұтынылатын максималды қуаттылық	1150 Вт	1150 Вт
Қысқа толқындардың шығыс қуаттылығы / жиілігі	700 Вт 2450МГц	700 Вт 2450МГц
Камера көлемі	20 литр	20 литр
Көлемі (биіктігі x ені x тереңдігі)	263/424/370	263/424/360
Салмағы	10,60 кг	10,80 кг
Ораудағы көлемі (биіктігі x ені x тереңдігі)	289x448x373	289x448x373
Ораудағы салмағы	11,60 кг	11,80 кг

Кепілді және кепілдік мерзімінен кейінгі қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсету немесе қосымша жабдықтар сатып алу жөніндегі сұрақтарыңызды «Хайер» ақпараттық орталығына келесі телефондар арқылы қоюыңызды өтінеміз:

8-800-200-17-06 (Ресей бойынша қоңыраулар тегін), **8-495-661-67-08** (Мәскеу және Мәскеу облысынан шалынатын қоңырауларға арналған), **8.8000-8000-1** (Қазақстан бойынша шалынатын қоңыраулар үшін) немесе Хайер авторизацияланған қызмет көрсету орталықтарының біріне немесе бұйымды сатып алған сатушыңызға хабарласыңыз.

Келеңсіз жағдайларды болдырмас үшін бұйымды пайдаланбай тұрып, Пайдалану жөніндегі нұсқаумен мұқият танысуды ұсынамыз.

Тұтынушының кепілдік мерзім біткеннен кейінгі талаптарын орындау қолданыстағы заңдарға сәйкес іске асырылады.

Орау қағазы

1. Қысқатолқынды пеш 1 дана.
2. Айналмалы шыны табақ 1 дана.
3. Айналмалы сақина 1 дана.
4. Айналмалы табақ жетегінің муфтасы 1 дана.
5. Шектегіш 1 дана.
6. Пайдалану жөніндегі нұсқау 1 дана.
7. Кепілдік талоны 1 дана.

Ескертпелер үші

KZ

Haier

Изготовитель:

HAIER ELECTRICAL APPLIANCES CORP., LTD
«Хайер Электрикал Апплиансес Корп. Лтд.»

Адрес Изготовителя:

Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China

Хайер Индастриал Парк, Хайер Родд, Хай-тех Зоне, Циндао, 266101, КНР

Импортер:

ООО Торговая компания «Хайер Рус»

Адрес Импортера:

121099, Москва, Новинский б-р, д. 8,
оф. 1601, БЦ Лотте Плаза

Филиалы Изготовителя (код филиала Изготовителя указан на Изделии):

- A** Haier Overseas Electric Co., Ltd.
Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone,
266101, Qingdao, P.R. China
- B** Zhongshan Donlim Weili Electrical Appliances Co., Ltd.
Fusha Industrial Park, Fusha Town, 528434, Zhongshan City, Guangdong
Province, P.R. China
- C** Shenzhen Jens Electric Co., Ltd.
Block 71, ChangXing Ind. Zone, 518132 GongMing, BaoAn, ShenZhen,
Guangdong Province, P.R. China

Өндіруші:

ELECTRICAL APPLIANCES CORP., LTD
«Хайер Электрикал Апплиансес Корп. Лтд.»

Өндіруші мекенжайы:

Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China

Хайер Индастриал Парк, Хайер Роуд, Хай тек Зоун, Циндао, 266101, ҚХР

Импорттаушы:

«Хайер Рус» сауда компаниясы ЖШҚ

Импорттаушы мекенжайы:

121099, Мәскеу, Новинский б., 8-үй, 1601,
«Лотте Плаза» бизнес-орталығы

Өндіруші филиалдары (Өндіруші филиалының коды Бұйымда көрсетілген):

- A** Haier Overseas Electric Co., Ltd.
Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi tech Zone,
266101, Qingdao, P.R. China
- B** Zhongshan Donlim Weili Electrical Appliances Co., Ltd.
Fusha Industrial Park, Fusha Town, 528434, Zhongshan City, Guangdong
Province, P.R. China
- C** Shenzhen Jens Electric Co., Ltd.
Block 71, ChangXing Ind. Zone, 518132 GongMing, BaoAn, ShenZhen,
Guangdong Province, P.R. China